

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

КОСАНОВА АЙНУР МАЛИКОВНА

Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ішкі істер
органдары қызметінің ұйымдастырушылық-құқықтық аспектілері

7M12301 – «Құқық қорғау қызметі» (бейінді бағыт) білім беру бағдарламасы
бойынша ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі дәрежесін алуға арналған
магистрлік жоба

Ғылыми жетекші:
Жоғарғы оқу орнынан кейінгі
білім беру институтының
Арнайы заң пәндері
кафедрасының меңгерушісі
Н.Ш. Жемпиисов,
заң ғылымдарының кандидаты,
аға әділет кеңесшісі

Қосшы, 2023 жыл

ТҮЙІНДЕМЕ

Магистрлік жұмыс әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ішкі істер органдары қызметінің ұйымдастырушылық-құқықтық аспектілеріне арналған. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі бөлімшелері жұмысының тиімділігіне және осы бағыттағы қолданыстағы заңнаманы реформалау мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Магистрлік жұмыстың құрылымы зерттеудің мақсаты мен міндеттерінен және кіріспе, 5 бөліктен тұратын екі тарау, қорытынды, пайдаланылған дереккөздердің тізімінен құралған.

РЕЗЮМЕ

Магистерская работа посвящена организационно-правовым аспектам деятельности органов внутренних дел по обеспечению защиты женщин от насилия. Особое внимание уделено эффективности работы подразделений органов внутренних дел Республики Казахстан по обеспечению защиты женщин от насилия и вопросам реформирования действующего законодательства в данном направлении.

Структура магистерской работы состоит из цели и задач исследования и введения, двух глав из 5 частей, заключения, списка использованных источников.

SUMMARY

Master's work is devoted to the organizational and legal aspects of the activities of the internal affairs bodies to ensure the protection of women from violence. Particular attention is paid to the effectiveness of the work of the departments of the Internal affairs bodies of the Republic of Kazakhstan to ensure the protection of women from violence and the issues of reforming the current legislation in this direction.

The structure of the master's thesis consists of the purpose and objectives of the study and introduction, two chapters of 5 parts, conclusion, list of sources used

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
I. ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ МЕН ОНЫҢ ЖАСАЛУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР.....	10
1.1 Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың пайда болу тарихы және оның даму кезеңдері.....	10
1.2 Қазақстандағы отбасылық-тұрмыстық, оның ішінде әйелдер зорлық-зомбылығына қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамалық базаны жетілдіру және оны қолдану механизмдерді әзірлеу.....	17
1.3 Отбасылық-тұрмыстық, оның ішінде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың пайда болу факторлары.....	28
II. ӘЙЕЛДЕРДІ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТАН ҚОРҒАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫМЕН ҚАБЫЛДАНЫП ЖАТҚАН ШАРАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....	34
2.1 Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бойынша полиция органдарымен атқарылып жатқан шаралар тиімділігінің жай-күйі.....	34
2.2 Отбасылық-тұрмыстық, оның ішінде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мен алдын алу жөніндегі халықаралық тәжірибе.....	49
ҚОРЫТЫНДЫ.....	58
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ.....	63
ҚОСЫМША 1. Енгізу актісі.....	70

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚШ - Америка Құрама Штаттары

АК - Азаматтық кодекс

ӘҚБТК – Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс

БҰҰ - Біріккен Ұлттар Ұйымы

ҚР - Қазақстан Республикасы

ҚК - Қылмыстық кодекс

ҚПК - Қылмыстық процестік кодекс

ҚСЖАЕК – Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті

ҚХР - Қытай Халық Республикасы

НҚА – Нормативтік құқықтық актілер

УПИ – Учаскелік полиция инспекторы

РФ - Ресей Федерациясы

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «23 маусым 2022 жылы Қазақстан полициясының 30 жылдығына арналған салтанатты жиында әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау – маңызды міндет екендігін» атап өтті [1].

Жылдан жылға әйелдерге қатысты жасалған зорлық-зомбылық қылмыстық құқық бұзушылықтардың азаюына қарамастан, олардың жалпы сан едәуір болып отыр. Мәселен, 2022 жылда 3,7 мыңнан аса (3 744) қылмыс тіркелсе, ағымдағы жылдың 3 айының өзінде 1 мыңнан аса (1 066) қылмыс тіркелген [2].

Соның салдарынан зерттеліп отырған мәселе еліміздегі ең өзекті және маңызды проблемалардың бірі болып қала беруде.

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың өсу себептерінің біріне «COVID-19» пандемиясында кері әсерін тигізді. Атап айтқанда, 2019-2021 жылдар аралығында 17,7 мыңнан аса (17 769) әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық қылмыстары жасалған [2].

Қазіргі таңда, 1999 жылдың 19 ақпанында ішкі істер органдарында құрылған әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғауға бағытталған арнайы бөлімшелер қызмет атқаруда. Ескере өту керек, Қазақстан посткеңестік кеңістікте осындай бөлімше құрылған жалғыз ел болып табылады.

Аталған бөлімше әйелдердің конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін заңсыз қол сұғушылықтардан қорғау, әйелдерге зорлық-зомбылық фактілерін болдырмау және тоқтату мәселелерінде құқықтық көмек көрсету мақсатында құрылған.

Осы бөлімшенің жұмысы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №1097 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі» Қағидаларымен реттеледі [3].

2021 жылғы 25 ақпанда ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің V отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев әйелдер мен балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі ішкі істер органдары бөлімшелерінің қызметін күшейту жөнінде тапсырма берді.

Осы тапсырманы орындау мақсатында, 2021 жылғы 19 наурызда ішкі істер министрінің бұйрығымен бейіндік бөлімшелердің саны көбейтілді (*иттат бірлігі 248 қызметкерді құрайды*).

Алайда, бүгінгі күні іс жүзінде өңірлерде осы бөлімше қызметкерлерінің тапшылығы орын алуда, сонымен қатар бөлімше қызметкерлеріне қызметтік міндеттеріне кірмейтін басқа да міндеттермен айналысуда (*спорттық, мәдени және т.б. ұйымдастыру барысында қоғамдық қауіпсіздік шараларына тарту*).

Сондықтан, осы бөлімшелердің штаттық санын жеткілікті деңгейде көбейту арқылы, олардың жұмыстарын күшейту қажеттігі байқалады.

Сонымен қатар, тәжірибеде полиция қызметкерлері көбіне жәбірленушілер өтініш беруден бас тартуына байланысты, кінәлі тұлғаға тиісті шара қолдана алмайды. Яғни, өтінішсіз полицейлер құқық бұзушыны жауапқа тарта алмайды. Жазасыздық көп жағдайларда ауыр зардаптар мен қайталанған қылмыстық және әкімшілік бұзушылықтарға әкеледі.

Осы мәселе бойынша, 18 қазан 2022 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметінің отырысында, Ішкі істер министрі М.М. Ахметжанов – «құқық бұзушыны жауапкершілікке тарту үшін, жәбірленушінің арызын талап етпеді, яғни фактінің негізінде жәберленушінің арызынсыз құқық бұзушыны жауапкершілікке тартуды» ұсынды [4].

Шешілетін ғылыми проблеманың немесе тәжірибелік міндеттің қазіргі уақыттағы жағдайын бағалау. Әйелдерге қатысты күш қолдануға қарсы тұру мәселелері бойынша О.К. Гончаренко, Ф.М. Дирин, М.В. Ищенко, А.О. Руднев, С.М. Сапаралиева, Р.Б. Сабилов, Б.Г. Тугельбаева, В.А. Шакина және т.б. ғалымдардың еңбектері бар.

Зерттеудің мақсаты. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық құқық бұзушылықтарының алдын алу жолдарын анықтау және оны тәжірибеде жүзеге

асыру, сондай-ақ, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ішкі істер органдары қызметін күшейту. Шет елдердің тәжірибесін зерделеп, олардың осы бағыттағы жаңа тиімді әдістерін қолданысқа енгізу.

Аталған мақсатқа жету үшін зерттеуге келесі міндеттер қойылады:

- әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың пайда болу тарихы және оның даму кезеңдеріне қысқаша талдау жасау;

- қазақстандағы отбасылық-тұрмыстық, оның ішінде әйелдерге күш көрсетуге қарсы заңнамалық базаны жетілдіру және оны қолдану механизмдерді әзірлеу;

- отбасылық-тұрмыстық, оның ішінде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың пайда болу факторларын анықтау;

- әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бойынша полиция органдарымен атқарылып жатқан шаралар тиімділігінің жай-күйіне талдау жасау;

- әйелдерге қатысты күш қолдануға қарсы шаралар және оның жолын кесу бойынша халықаралық тәжірибені зерттеу.

Зерттеу объектісі әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ішкі істер органдары қызметінің, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимыл шараларының өзекті мәселелерін анықтау болып табылады.

Зерттеу тақырыбын әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ішкі істер органдары қызметінің, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимыл шараларының өзекті мәселелерінің шешу жолдары құрайды.

Зерттеуді жүргізудің әдістері мен әдіснамалық негіздері. Методологиялық базаға құқықтық, тарихи құқықтық, заңдық-логикалық талдау, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық құқық бұзушылықтарының статистикасын зерттеу жатады.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі. Ғылыми жаңалық Мемлекет басшысының тапсырмаларын және ішкі істер органдарының қабылдаған

шараларын ескере отырып, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін зерттеуде көрініс тапты.

Жобада әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қолданыстағы заңнамаларды жетілдіру бойынша өзгерістер мен толықтырулар әзірленді.

Қорғауға шығарылатын практикалық ұсынымдар:

1. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша учаскелік полиция инспекторы мен әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімше қызметкерлері арасындағы өзара әрекеттесуді күшейту мақсатында келесідей алгоритм ұсынылады.

Алгоритмге сәйкес, жәбірленушінің арызы ішкі істер органының арыздарды есепке алу кітабына тіркелгеннен кейін, арыз бойынша шара қолдану үшін, учаскелік полиция инспекторына тапсырылады. Учаскелік полиция инспекторы 3 сағаттың ішінде әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімше қызметкерлеріне тиісті хабарлама жолдау қажет.

Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімше қызметкерлері хабарлама алған сәттен бастап 12 сағат ішінде жәбірленушіге құқықтық көмек көрсету және құқық бұзушымен профилактикалық шаралар жүргізу қажет. Сол сияқты бөлімше қызметкерімен құқық бұзушыға қатысты қорғау нұсқамасы шығарылады және қажет болған жағдайда соңғының жұмыссыздық мәселесін шешу мақсатында, жергілікті атқарушы органға тиісті хат жолданады.

Жүргізілген жұмыс нәтижесімен *(48 сағат ішінде)* бөлімше қызметкерімен учаскелік полиция инспекторына анықтама жолданады *(анықтамада отбасы туралы қысқаша сипаттама, құқық бұзушыны мәжбүрлі наркологиялық оңалту орталықтарына жолдау мәселесін шешу және т.б. көрсетіледі)*.

Келіп түскен анықтама учаскелік полиция инспекторымен әкімшілік құжаттарға тіркеліп, сотқа жолданады.

2. «Тұрмыстық зорлық – зомбылықтың алдын алу туралы» ҚР Заңының 20-бабынан жәбірленушінің пікірін ескере отырып, «қорғау нұсқамасын» шығару қажеттілігін алып тастау ұсынылады.

Себебі, тәжірибеде жәбірленушілердің басым көпшілігі бірінші рет полицияға жүгінген кезде қорғау нұсқамасын алу мүмкіндігі бар екендігі туралы білмеген. Қорғау нұсқамасын көбіне жәбірленушілер дағдарыс орталықтарына жүгінген уақыттарда ғана шығарылады *(дағдарыс орталығы жәбірленушіге өтініш жазуға және қорғаныс нұсқамасын шығаруға болатындығы туралы түсіндіріледі)*.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 20-бабының 5-тармағына өзгертулер мен толықтырулар енгізу арқылы, кінәлі адамды жауапқа тартқанға дейін *(әкімшілік немесе қылмыстық)* «қорғау нұсқамасының» қолданылу мерзімін 30-дан 90 күнге дейін ұзарту қажет деп есептей отырып, осы 20-баптың 5-бөлігін келесідей редакцияда жазу ұсынылады:

«20-бап. Қорғау нұсқамасы

5. Қорғау нұсқамасының қолданылу мерзімі ол өзіне қатысты шығарылған адамға берілген кезден бастап отыздан тоқсан тәулікке дейінгі мерзімді құрайды. Тексеру мерзімділігі күнтізбелік жеті күнде кемінде бір ретті құрайды».

Мұндай ұсыныс заң шығарушы белгілеген қорғау нұсқамасының қолданылу мерзімі барлық жағдайларда сот шешім қабылдағанға дейін зардап шеккендерді қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтіндігімен негізделеді.

Апробация және нәтижелерін енгізу. Магистрлік жобаның автормен жарыққа шыққан төмендегі мақала көрініс тапқан. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы құқық қорғау органдары академиясының «Қазіргі заң ғылымының дамуы: теория және практика» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдарында «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты алдын алудың ұйымдық-құқықтық мәселелері» тақырыбындағы мақала.

I. ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ МЕН ОНЫҢ ЖАСАЛУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

1.1 Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың пайда болу тарихы және оның даму кезеңдері

Әйелдерге қарсы күш қолдану әр кездер, барлық өркениеттерде болған. Дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға және негіздерге негізделген қоғам ерлер мен әйелдерді екі тең емес топқа бөлді, мұнда ер адамдар қоғамға қызмет етеді, ал әйелдердің рөлі тек отбасы шеңберімен шектелді. Мұндай көзқарастарды философия тарихының барлық кезеңдерінде кездестіруге болады.

Ежелгі дәуірлер әлемді иерархиялық негізде қабылдаумен сипатталды. Бұл теорияға сәйкес, бұл баспалдақтың жоғарғы сатысында құдайлар тұрды, содан кейін адамдар, содан соң тізімнің соңын барлық жануарлар мен өсімдіктер құрады. Бірақ адамдар, яғни ерлер мен әйелдер, құлдар мен еркін азаматтар, балалар мен ересектер тең емес еді. Ежелгі әлемде Аристотельдің басым көзқарасы бойынша жыныстарды бөлу тек ұрпақты болу үшін болған. Аристотель ерлер мен әйелдердің қоғамдағы рөлі туралы ойлана отырып, «біріншісі табиғатынан жоғары, екіншісі төмен» - деп сенді. Яғни «біріншісі басқарады, ал екіншісі оларға бағынады» [6].

Аристотель «ерлер мен әйелдер арасындағы қарым-қатынасты құл мен құл иесінің қарым-қатынасымен салыстырады, құлдың мәні қожайынына қызмет етумен шектеледі. Ал әйелдердің не істей алатынын және не істей алмайтынын, не істеу керек және не істемеу керектігін, қашан үйленуі мүмкін екенін және қанша жаста туылуын ерлер шешкен теген тұжырымға келген» [7].

Әйелдерге деген қатыгездік орта ғасырларда да байқалады. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, «миллиондаған жазықсыз әйелдер, әдетте, жалғызбасты әйелдер, «Алғашқы күнә» атты теорияға сәйкес жойылған. Олардың сиқыршылығы туралы кең таралған мифтердің арқасында шіркеу әйелдердің еркектерге тәуелділігінен, әйелдердің өз бетінше өмір сүруінен, өз өмірлері үшін ақша табудан босатуға кедергі келтірді» [8].

Рим құқығында күйеулері әйелдерін өлімге жақын күйге дейін жазалауға рұқсат берілген [9], шіркеу мен мемлекет әйел бақсыларды жазалауға қарсы болмаған [10] және XVIII ғасырдағы ағылшын құқығында еркектерге әйелдерін таяқтармен жазалауға рұқсат берген. Жазаның бұл түрі Англия мен Америкада XIX ғасырдың соңына дейін басым болды [11].

Қазіргі кезеңдегі гендерлік саясатқа қатысты Орталық Азия аймақтарында жүргізілген зерттеулер отырықшы және көшпелі халықтар арасында тарихи контексте Орталық Азия халықтарының дәстүрлері мен негіздеріне негізделген әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық тәжірибесі сақталғанын және қолданылатынын көрсетеді [12].

Осындай дәстүрлердің бірі Тәуке ханның «Жеті жарғы» кітабында көрініс тапқан. Қазақ қоғамының негізгі бөлігі иеленген жеке бас бостандығы әрқашан заңды толықтығын білдіре бермейді.

Мысалы, әйелдер, қызметшілер мен құлдар сияқты, сотта куәгер бола алмады. Толық заңды тұлға ретінде – тек «қару ұстай алатын» еркек, яғни үй иесі, отбасы басшысы болды.

Қазақ хандығындағы әйелдің әлеуметтік жағдайы ер адамның жағдайынан төмен болды. Мысалы, кісі өлтіруші қарапайым адамды өлтіргені үшін оның туыстарына 1000 қой, ал әйел үшін 500 қой бере алады.

Сол кездегі қазақ фольклоры да әйелдердің әлеуметтік жағдайының төмендігін айғақтайды. Мұны «Үлкен ағасы қайтыс болды – әйелі ағасының мұрасы», «Кіші інісі қайтыс болды – жеңгесі үлкен ағасының мұрасы», «Жесір әйел ер адамнан алыстаса да, тұқымнан кетпейді» деген сөздерді растайды.

«Әменгерлік институтының болғандығы сол уақыттағы мақал – мәтелдер, тарихи жазбалармен өз дәлелін тапқан» [13].

XIX ғасырдың аяғына дейін, Орталық Азия халықтарында көп әйел алу, левират және әйелдерді ұрлау сақталды [14]. Олардың кейбіреулері жаңаланған түрде әлі күнге дейін сақталған. Мысалы, кейбір зерттеулер дәлелдегендей, «қоғамдық пікір туылмаған әйелдерді қорлайды, оларды «стерильді», «құрғақ», «бос» - деп атайды және басқа стигма белгілерімен киеді» [15].

Әйелдерді еркектермен теңестірудің алғашқы шешуші талабы Еуропада тек XVIII ғасырдың аяғында, әл-ауқат пен жалпы әлеуметтік прогресс кейбір әйелдерге білім алуға мүмкіндік берген кезде пайда болды.

1789 жылғы Француз революциясы Еуропаның көптеген бөліктерінде радикалды идеяларды оятты, ал ағарту дәуірінде Англияда Мэри Уолстонкрафт Томас Пейннің «Адам құқықтары» (*Адам құқықтары, 1791*) трактатына тікелей жауап берген «әйел құқықтарының дәлелі» (*Әйел құқықтарының көрінісі, 1792*) атты эссе жазуға шабыттандырды. Ол тұрмысқа шыққан әйелдің өмірін құлдықпен салыстырып, әйелдің орны тек үйде, күйеуінің немесе әкесінің қамқорлығында және бақылауында деген идеяны жоққа шығарды.

Ағылшын ақыны және Роман жазушысы Каролина Нортон (1808-1877) күйеуінен ажырасқаннан кейін ұлын тәрбиелеу құқығы үшін күресінің арқасында кәмелетке толмағандарға қамқоршылық ережелерін өзгерте алды және 1839 жылы Парламент әйелдерге жеті жасқа дейінгі балаларды қамқорлыққа алуға мүмкіндік беретін актіні қабылдады (*зинақорлыққа кінәлі әйелдер бұл құқықтарын жоғалтты*).

Ұлыбританияда 1857 жылы азаматтық ажырасу туралы заң мақұлданды, оның басылымымен әйел алғаш рет ажырасуға өтініш беру құқығына ие болды. Ал 1886 жылы баланың әл-ауқатының мүдделерін ескере отырып, кәмелетке толмағандарға қамқорлық жасау туралы заң қабылданды. Бұдан былай ананың балаларды қамқорлыққа алу құқығы, сондай-ақ күйеуі қайтыс болғаннан кейін олардың жалғыз қамқоршысы болу мүмкіндігі болды.

Кейіннен әйелдер билік ерлер қолында болғанша олардың тағдырында ешқандай өзгеріс болмайтынын біртіндеп түсіне бастады. Осылайша, теңдік үшін күрес басталды, мысалы, Еуропада бұл сайлауға және саясатқа қатысу үшін, ал Ресейде – жоғары білім мен әлеуметтік мәртебе алу үшін күрес болды [16].

Жоғарыда айтылғандай, адамзат тарихында қоғамның дәстүрлері мен негіздеріне негізделген барлық өркениеттер мен әлеуметтік-экономикалық формациялар әрқашан ерлер мен әйелдерді екі тең емес топқа бөлді. Осыған

сәйкес, ер адамдар қоғамға «қызмет етуге» бейім болды, ал әйелдер отбасымен шектелді. Сондықтан, барлық мәдениеттерде әйел тәуелсіз тұлға емес, ер адамдарға қызмет көрсететін персонал болды - әкесі, күйеуі және үнемі әлеуметтік элемент болып саналатын оларға тәуелді болды. Әйелдерге деген мұндай зорлық-зомбылық әсіресе отбасылық салада тамыр жайған.

Әрі қарай, XIX ғасыр әйелдердің бөлек тұру, ажырасу және бала күтімі, мүлік, сондай-ақ әйел құқықтары үшін күресімен байланысты феминизмнің алғашқы толқынына куә болды.

Мысалы, Ұлыбританияда XIX ғасырдың соңына дейін күйеуінің әйеліне күш қолдануға тыйым салатын заңдар болған жоқ, тек оған дене жарақатын немесе кісі өлтіруді қоспағанда. Сонымен қатар, бұрын жалпы құқық жүйесінде зорлық-зомбылық жыныстық зорлық-зомбылық күйеуі әйеліне қатысты зорлау дәрежесіне ие болмады.

«1981 жылға дейін Италияның қылмыстық кодексі әйелді немесе оның жыныстық серіктесін өлтіру жеңілдететін жағдай ретінде қарастырды» [17]. Дегенмен, зорлық-зомбылықтың нақты түрлерін ақтау үшін мәдени дәстүрлерге негізделген дәлелдерді пайдалану әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық әрекеттерін заңдастыруы мүмкін. Мәдени дәстүрлер, жергілікті әдет-ғұрыптар, сондай-ақ діннің әртүрлі түсіндірмелері белгілі бір теріс пайдаланулармен өзара әрекеттесуі мүмкін деген сұрақ ашық күйінде қалып отыр. Көптеген елдердің әлеуметтік топтары әйелдерге жасалған зорлық-зомбылық әрекеттерін мәдени дәстүрлермен ақтайды және мәдени мұраны қорғау қажеттілігіне жүгінеді, бірақ мұндай мәлімдемелер күмәнді, өйткені олар әртүрлі саяси көшбасшылардан немесе билікке ие адамдардан келеді.

Халықаралық деңгейдегі әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы тұру тарихы келесі маңызды екі оқиғаларды қамтиды:

Оның біріншісі – 1979 жылғы «Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы» конвенциясы, оның 12-ші және 19-шы нұсқауларында зорлық-зомбылықты әйелдерді кемсіту деп таныды. Екіншісі «1993 жылғы Адам құқықтары жөніндегі дүние жүзілік конференция, аталған

конференцияда әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық адам құқықтарының бұзылуы деп танылды» [18].

XX ғасырда әйелдердің жағдайы түбегейлі өзгерді. Дүние жүзінің көптеген елдерінде ерлер мен әйелдер арасындағы теңдікке қол жеткізілді, ал әйелдер біртіндеп білім мен мамандық алу құқығына қол жеткізе бастады. КСРО-да феминизм ерекше жолмен дамыды, әйелдер бостандығына қол жеткізу және тең құқыққа қол жеткізу «әйелдер мәселесі» деп аталды және түбегейлі өзгерістерге әкелді.

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін теңдік мәселелері гендерлік тұрғыдан қарастырыла бастады және гендерлік саясат қажеттілігі туындады [14]. Гендерлік бағыт барлық мемлекеттік бағдарламаларда, стратегияларда әйелдер мен еркектер мүдделері мен тәжірибесін ескере бастады, қабылданған шаралар жыныстар арасындағы гендерлік теңсіздікті жоюға бағытталған.

1993 жылы БҰҰ қабылдаған әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою туралы Декларацияда «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық ерлер мен әйелдер арасындағы күштердің тең емес арақатынасының көрінісі болып табылады, бұл әйелдердің үстемдігіне және ерлер әйелдерге қатысты кемсітушілікке әкелді, сонымен қатар әйелдердің жан-жақты жақсаруына жол бермейді» [19].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының есептеріне сәйкес, «әйелдерге қатысты күш қолдану денсаулық сақтау жүйесінің шығындарын арттырады, өйткені зорлық-зомбылықтан аман қалған әйелдер қорлыққа ұшырамаған әйелдермен салыстырғанда медициналық көмекке көбірек мұқтаж.

Көптеген зерттеулер әйелдерге қатысты күш қолдану мен халықаралық зорлық-зомбылық арасындағы байланысты мойындайды. Осы зерттеулер көрсеткендей, қоғамдағы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық мемлекеттік және мемлекетаралық деңгейдегі зорлық-зомбылықтың ең сенімді болжамды параметрлерінің бірі болып табылады.

Әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылық қазіргі әлемде адам құқықтарының бұзылуының ең кең таралған, жойылуы қиын және апатты салдарына әкеледі. Ол физикалық, жыныстық және психологиялық формаларда көрінеді, соның ішінде:

- серіктестің зорлық-зомбылығы;
- жыныстық күш көрсету және қудалау (*зорлау, зорлық-зомбылық, қажетсіз жыныстық аванстар, балаларға жыныстық зорлық-зомбылық, мәжбүрлі неке, көшедегі қудалау, қудалау, киберқауіпсіздік*);
- адам саудасы (*құлдық, жыныстық қанау*);
- әйел жыныс мүшелерін кесу операциялары;
- ерте жастағы некесі.

1993 жылы қабылданған әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою туралы Декларация «әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық» терминін былай анықтайды: «әйелдерге физикалық, жыныстық немесе психологиялық зиян келтіретін немесе азап шегуі мүмкін жыныстық белгі негізінде жасалған кез келген зорлық-зомбылық, сондай-ақ осындай әрекеттерді жасау қаупі, мәжбүрлеу немесе ерікті түрде айыру қоғамдық немесе жеке өмірдегі бостандықтары» [19].

Зорлық-зомбылықтан туындаған денсаулыққа жағымсыз психологиялық, жыныстық және репродуктивті әсерлер әйелдерге өмірінің барлық кезеңдерінде әсер етеді. Мысалы, ерте жастағы қыздарға білім беруді шектеу жалпыға бірдей білім беру мен қыздарға білім беру құқығын жүзеге асырудағы негізгі кедергі ғана емес, сонымен қатар болашақта жоғары білім мен еңбек нарығына қол жетімділікті шектейді.

Гендерлік зорлық-зомбылықтың шекарасы болмаса да, кейбір әйелдер мен қыздар әсіресе осал — мысалы, жас қыздар мен қарт әйелдер, мигранттар мен босқындар, жергілікті және этникалық азшылықтардың өкілдері, сондай-ақ адамдар гуманитарлық дағдарыстар жағдайында.

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық теңдік, даму және бейбітшілік саласындағы прогреске, сондай-ақ әйелдер мен қыздардың құқықтарын қамтамасыз етуге кедергі болып табылады.

XXI ғасырда зорлық-зомбылық жалғасып жатқанын мойындау керек. Мұның негізінде халықтардың патриархалдық негіздері мен әдет-ғұрыптары жатыр. Мысалы, Үндістанда, Пәкістанда, Бангладеште, Шри-Ланкада және Непалда махрға байланысты кісі өлтіру және қалыңдықты өртеу жиі кездеседі. Оңтүстік-Шығыс Азияда, атап айтқанда Камбоджада қышқыл құю жиі орын алады. Орта Шығыс пен Оңтүстік Азияда – ар-намысты өлтіру. Африканың таяу Шығыс пен Азияның жекелеген аймақтарында – әйелдің сүндеттелуі. Эфиопияда, Орталық Азияда және Кавказда – қалыңдықтарды ұрлау. Африка мен Океанияның кейбір бөліктерінде қалыңдық үшін төлем төлеуге байланысты күш қолдану бар (*қатыгездік, адам саудасы және мәжбүрлі неке сияқты нысандар*).

Қазіргі уақытта, Қазақстан тұрмыстық, соның ішінде әйелдерге қатысты зорлық құрбандарын құқықтық қорғау үшін маңызды ережелерді, сондай-ақ оны төмендету бойынша қабылданып жатқан шараларды көрсететін көптеген халықаралық шарттардың, конвенциялардың қатысушысы болып табылады.

Сонымен қатар, тұрмыстық, соның ішінде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың болдырмау шараларын заңнамалық тұрғыдан белгілегеніне қарамастан, бүгінде оларды қолданудың тиімділігіне байланысты бірқатар проблемалар бар, оларды біз осы зерттеудің келесі тарауларында атап өтуге тырысамыз.

1.2 Қазақстандағы отбасылық-тұрмыстық, соның ішінде әйелдер зорлық-зомбылығына қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамалық базаны жетілдіру және оны қолдану механизмдерді әзірлеу

Қазіргі уақытта осы санаттағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері ғалымдар үшін де, құқық қорғау органдарының практикалық қызметкерлері үшін де, қоғам үшін де өзекті.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері неке және отбасылық қатынастарды реттейтін, сол сияқты осы проблеманың алдын алуға бағытталған бір қатар заңнамалар қабылданған. Оларға:

- «Қазақстан Республикасының Конституциясы» (1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды) [20].

Осы заңның 18 бабына сәйкес «Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар»;

- «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ [21];

- «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ [22];

- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі [23];

- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі [24];

- «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 114-IV Заңы [25].

Арнаулы әлеуметтік қызметтер дегеніміз – өмірлік қиын жағдайға тап болған адамға (отбасына) туындаған әлеуметтік проблемаларды еңсеру үшін жағдай жасайтын және басқа азаматтармен қоғам өміріне қатысуға тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған қызметтер кешені [25];

- «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңы [26].

Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамдарға қатысты құқық бұзушылықтардың жеке профилактикасы шаралары Қазақстан

Республикасының Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы заңнамасында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып қолданылады.

Сонымен қатар, осы бағыттағы халықаралық Конвенциялар ратификацияланды және пактілерге қол қойылды.

Мәселен, 1998 жылы Қазақстан БҰҰ-ның «Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы» Конвенциясына қосылды [27]. БҰҰ-ның «Әйелдердің саяси құқықтары туралы» [28] және «Тұрмысқа шыққан әйелдің азаматтығы туралы» [29] конвенциялары да ратификацияланды. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық [30] және экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактілерге [31] қол қойылды.

Халықаралық және бағдарламалық құжаттар әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың жолын кесу саласындағы стратегиялық мақсаттар мен оларды жүзеге асырудың негізгі тәсілдерін анықтайды, олар мыналарды қамтиды:

1) «БҰҰ Бас Ассамблеясы 1993 жылы 10 желтоқсанда қабылдаған әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою туралы декларацияға сәйкес олардың өмірінің барлық салаларында әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа жол бермеу» [32];

2) зорлық-зомбылыққа ұшыраған азаматтармен жұмыс істеу үшін денсаулық сақтау, білім беру және құқық қорғау органдары үшін арнайы кәсіби кадрлар даярлауды ұйымдастыру;

3) зорлық-зомбылықтың себептері, сипаты, дәрежесі мен салдары, әйелдерге қатысты күш қолдануды болдырмау және жою жөніндегі шаралардың тиімділігі туралы зерттеулер жүргізу болып табылады.

Сонымен қатар, «тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуда біраз жетістіктерге қол жеткізілді. 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы қолданысқа енгізілді» [33].

Аталған заң мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар мен Қазақстан Республикасы азаматтарының тұрмыстық зорлық-

зомбылықтың алдын алу жөніндегі қызметінің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды. Ол «отбасылық-тұрмыстық қатынастар» және «тұрмыстық зорлық-зомбылық» деген нақты ұғымдарды анықтады.

ҚР заңнамасында *(тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы, қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерінде)* әйелдерге қатысты күш қолдануды болдырмау және жолын кесу, отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету үшін құқықтық негіздер белгіленген.

Құқық қорғау органдарының құзыретінде жеке-профилактикалық жұмыс жүргізуге мүмкіндік беретін құқық бұзушыларға әсер етудің нақты тетіктері пайда болды.

Тұрмыстық, соның ішінде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасының көп буынды шаралары белгіленді, атап айтқанда:

- 1) профилактикалық әңгіме;
- 2) «әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау, не қорғау нұсқамасын шығару үшін тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамды ішкі істер органдарына жеткізу;
- 3) қорғау нұсқамасы;
- 4) әкімшілік ұстау;
- 5) медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары;
- 6) құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу;
- 7) әкімшілік жаза;
- 8) ата-ана құқықтарынан айыру не шектеу, баланы асырап алудың күшін жою, қорғаншылар мен қамқоршыларды өз міндеттерін атқарудан босату және шеттету, баланы патронат тәрбиешіге тәрбиелеуге беру туралы шартты мерзімінен бұрын бұзу;
- 9) процестік мәжбүрлеу шаралары және қауіпсіздік шаралары;
- 10) сот үкімі бойынша қабылданатын шаралар».

Бұл шаралар агрессор тарапынан жана құқық бұзушылықтарды болдырмау және жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамның құқықтық санасына және мінез-құлқына жүйелі түрде мақсатты әсер ету үшін қолданылады.

Айта кету керек, «Тұрмыстық зорлық – зомбылықтың алдын алу туралы» ҚР Заңымен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету үшін құқықтық негіздер құрылды. Сондай-ақ, «мемлекеттік органдардың, әкімдіктердің және азаматтардың қарастырылып отырған құбылыстың алдын алуды ұйымдастыру жөніндегі қызметінің құқықтық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық аспектілері айқындалды».

Осылайша, құқық қорғау органдарында құқық бұзушыларға әсер етудің нақты тетіктері пайда болды, бұл олармен жеке-профилактикалық жұмыс жүргізуге мүмкіндік берді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мынадай принциптерге сүйенеді:

- 1) заңдылыққа;
- 2) адамның және азаматтың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерінің кепілдігін сақтауға;
- 3) адам мен азаматтың тәніне және психикасына азап әкелуге жол бермеуге;
- 4) отбасын қолдау және сақтауға;
- 5) тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге көмек көрсету кезінде құпиялылықты сақтауға;
- 6) өмірде қиын жағдайға дұшар болған адамдармен жеке жұмыс жүргізуге негізделеді.

Тұрмыстық, соның ішінде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жүзеге асыратын субъектілер:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- 2) жергілікті атқарушы органдар;

- 3) Отбасы және гендерлік саясат істері жөніндегі комиссия;
- 4) Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар;
- 5) ішкі істер органдары;
- 6) қамқоршылық және қорғаншылық органдары;
- 7) білім беру органдары;
- 8) көмек көрсету ұйымдары;
- 9) дағдарыс орталықтары болып табылады.

«Тұрмыстық зорлық – зомбылықтың алдын алу туралы» Заңында көзделген әртүрлі ауырлықтағы тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілеріне ден қою шараларының кең ауқымы профилактика субъектілері үшін де, әлеуетті құқық бұзушылар мен жәбірленушілер үшін де айтарлықтай практикалық және профилактикалық маңызға ие деп есептейміз.

Мәселен, алғаш рет енгізілген ерекше ықпал ету шарасының негізгі мақсаты – «қорғау нұсқамасы» - жәбірленушінің физикалық немесе психикалық азап шегу қаупі болған кезде оның қауіпсіздігін дереу қамтамасыз ету.

Талдау көрсеткендей, жыл сайын отбасында зорлық-зомбылық жасаған 58 мыңнан астам адамға қатысты «қорғау нұсқамасы» шығарылады (2022 жылы – 58 011 қорғау нұсқамасы шығарылды). Ал «құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар қою» сонымен қатар әйелдерге қарсы күш қолдану жасаған адамдардың құқықтық санасы мен мінез-құлқына әсер ету шарасы болып табылады және оны қолданумен қатар әкімшілік жаза қолданылады.

Жылына сотпен 6 мыңнан аса адамға қатысты мінез-құлққа ерекше талаптар белгіленеді (2022 жылы сот 6287 ерекше талап қойды). Заң шығарушы тұрмыстық зорлық-зомбылықты болдырмау жеке шараларын, әсіресе «қорғаныс ұйғарымын» және «құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар қою» сияқты жаңа шараларды белгілегеніне қарамастан, бүгінде оларды қолданудың тиімділігіне қатысты бірқатар проблемалар бар.

«Тұрмыстық зорлық – зомбылықтың алдын алу туралы» ҚР Заңының 20-бабына сәйкес, «жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында және

ӘҚБтК-де көзделген тәртіппен әкімшілік ұстауды не ҚР ҚПК-нің 128-бабында көзделген тәртіппен ұстауды жүргізу үшін негіздер болмаған кезде аумақтық полиция органының, ішкі істер органының жергілікті полиция қызметінің бастықтары, олардың орынбасарлары, учаскелік полиция инспекторлары, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлар, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторлары қорғау нұсқамасын жәбірленушінің пікірін ескере отырып шығарылады, ол адамға орындау үшін беріледі» делінген.

Қорғау нұсқамасымен «жәбірленушінің еркіне қарамастан, кәмелетке толмағандарды және (немесе) оның отбасының әрекетке қабілетсіз мүшелерін қоса алғанда, өзге де тәсілдермен іздестіруге, қудалауға, баруға, ауызша, телефон арқылы келіссөздер жүргізуге және онымен байланысқа түсуге тыйым салынады».

Қорғау нұсқамасы ол өзіне қатысты шығарылған адамға тапсырылған кезден бастап отыз тәулік ішінде қолданылады. Тексеру кезеңділігі жеті күнтізбелік күнде кемінде бір рет. Өзіне қатысты қорғаныс нұсқамасы шығарылған адам ішкі істер органдарында профилактикалық есепке қойылады, оған профилактикалық бақылау жүзеге асырылады.

Норманы талдау көрсеткендей, «қорғау нұсқамасы» жәбірленушінің пікірін ескере отырып шығарылады, бұл құқық қолданушыларға жәбірленушінің құқықтарын бұза отырып, оларды осы алдын алу шарасы туралы хабардар етпеуге мүмкіндік береді, бұл «Human Rights Watch» «коммерциялық емес ұйымының Қазақстандағы тұрмыстық (отбасылық-тұрмыстық) зорлық-зомбылық жағдайына қатысты жүргізген зерттеуімен дәлелденеді» [34].

Мәселен, «тәжірибеде жәбірленушілердің басым көпшілігі бірінші рет полицияға жүгінген кезде қорғау нұсқамасын алу мүмкіндігі туралы білмеген». Қорғау нұсқамасын шығаруға болатындығын көбіне жәбірленушілер дағдарыс орталықтарына жүгінген уақыттарда ғана білген (дағдарыс орталығы онда жәбірленушіге өтініш жазуға және қорғаныс нұсқамасын сұрауға көмектесті).

Осы мәселені шешу үшін «Тұрмыстық зорлық – зомбылықтың алдын алу туралы» Заңның 20-бабынан жәбірленушінің пікірін ескере отырып, «қорғау нұсқамасын» шығару қажеттілігін алып тастауды ұсынамыз.

Бұл «Тұрмыстық зорлық – зомбылықтың алдын алу туралы» ҚР Заңның 18-бабына сәйкес келеді, мұнда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке алдын-алу шараларын қабылдауға негіздердің бірі ішкі істер министрлігі қызметкерінің тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау фактісін тікелей анықтауы немесе оны жасауға тырысуы болып табылады. Сонымен қатар, жәбірленушінің қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету үшін заңда адамды жауапқа тартқанға дейін *(әкімшілік немесе қылмыстық)* «қорғау нұсқамасының» қолданылу мерзімін 30-дан 90 күнге дейін ұзарту қажет деп есептей отырып, осы баптың 20 бабын 5 бөлігін келесідей редакцияға жазу ұсынылады:

«20-бап. Қорғау нұсқамасы

5. Қорғау нұсқамасының қолданылу мерзімі ол өзіне қатысты шығарылған адамға берілген кезден бастап отыздан тоқсан тәулікке дейінгі мерзімді құрайды. Тексеру мерзімділігі күнтізбелік жеті күнде кемінде бір ретті құрайды».


Мұндай ұсыныс заң шығарушы белгілеген «қорғау нұсқамасының қолданылу мерзімі барлық жағдайларда сот шешім қабылдағанға дейін зардап шеккендерді қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтіндігімен» негізделеді.

Себебі, қорғау нұсқамасының мерзімі 30 күн, бұл жеткіліксіз. Агрессорлар әйелін ұрмауы, өлтіремін деп қорқытпауы мүмкін, бірақ оған психологиялық қысым, психологиялық зорлық-зомбылық көрсетеді. Қазір әйелдер психологиялық зорлық-зомбылыққа жиі шағымданады. Сондықтан біз шет елдердегідей «қорғаныс нұсқамасының мерзімін 30-дан 90 күнге дейін ұзарту туралы ұсынысты талқылауға шығарғымыз келеді. 90 күнде адам кешенді психологиялық терапиядан өте алады».

Қорғау нұсқамасын бұзғаны үшін адам ҚР ӘҚБтК 461-бабы *(Қорғау нұсқамасын бұзу)* бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылатынын атап өткен

жөн. Орташа есеппен алғанда жыл сайын осы бап бойынша 4,5 мыңға жуық адам жауапкершілікке тартылады (Сурет 1).

Сурет 1 - 2018-2022 жылдардағы қорғау нұсқамаларының бұзылуы туралы мәліметтер (барлық саны -20,154)



Сонымен қатар, зерттеу барысында қорғаныс нұсқамасын қайталап бұзу дерегі бойынша заңнамамен жауапкершілік көзделмегендігі анықталды.

Осы мәселе бойынша зерттеу жүргізген, заң ғылымдары кандидаты С.М. Сапаралиевамен «ҚР ӘҚБтК 461-бабы көрсетілген баптың бірінші бөлігі бойынша жауапқа тартылғаннан кейін қорғау нұсқамасын қайта бұзған тұлғаны жауапкершілікке тарту мақсатында осы кодекстің 461-бабына 2-бөлікті енгізу қажет екендігі және осы баптың жазылу рекдакциясы ұсынылған» [35].

Мәселен,

«461-бап. Қорғау нұсқамасын бұзу:

1. Ішкі істер органы шығарған қорғау нұсқамасын бұзу,

– ескерту жасауға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

2. Ішкі істер органы оның қолданылу мерзімі ішінде шығарған қорғау нұсқамасын қайта бұзу,


– он бес тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алуға әкеп соғады».

Сол сияқты, қорғау нұсқамасының нысанын қатаң есептілік нысаны ретінде анықтауды ұсынамыз, бұл біздің ойымызша, бақылауды күшейтуге және шығарылған қорғау нұсқамасының қатаң есепке алуға, сондай-ақ отбасында зорлық-зомбылық жасаған адамдар туралы деректердің дұрыстығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Тұрмыстық зорлық – зомбылықтың алдын алу туралы» ҚР Заңының 22-бабына сәйкес сотпен тұрмыстық күш қолдану жасаған адамға қатысты жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік жаза қолданумен қатар оның мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленеді.

Жыл сайын сот 6 мыңға жуық адамға қатысты мінез-құлыққа ерекше талаптар белгілейді, Сурет 2 көрсетілген (2022 жылы 5934 ерекше талап қойылды).

Сурет 2 - 2020-2022 жылдардағы құқық бұзушының мінез-құлқына сотпен белгілеген ерекше талаптар туралы мәліметтер:



Өзіне қатысты мінез-құлыққа ерекше талаптар белгіленген адамға тыйым салынуы мүмкін:

1) атыс және басқа да қару түрлерін сатып алуға, сақтауға, алып жүруге және пайдалануға;

2) алкогольдік сусындарды, сондай-ақ есірткі құралдары мен психотроптық заттарды, олардың аналогтарын медициналық емес мақсаттарда пайдалануға жол берілмейді.

Ерекше жағдайларда жәбірленушіні және оның отбасы мүшелерін қорғау үшін сот тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамға осы адамда басқа тұрғын үй болған жағдайда жәбірленушімен бірге жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғын үйде тұруға тыйым салу түріндегі әкімшілік құқықтық ықпал ету шарасын да қолдануға құқылы.

Құқық бұзушының мінез-құлқына қойылатын ерекше талаптардың қолданылу мерзімі ішінде оған профилактикалық әңгімелесу үшін айына бірден төрт ретке дейін ішкі істер органдарына келу міндеті жүктелуі мүмкін.

Бұл адам профилактикалық есепке қойылады және оған профилактикалық бақылау жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, тұрмыстық зомбылық жасаған адамға жәбірленушімен бірге жеке тұрғын үйде тұруға тыйым салуды белгілейтін заң нормасы іс жүзінде сирек қолданылатын және тиімсіз шаралардың бірі болып табылады.

Мұның себебі құқық бұзушының осы әкімшілік-құқықтық ықпал ету шарасын қолданудың міндетті шарты ретінде басқа тұрғын үйдің болуын анықтау тетігінің болмауы болып табылады (*Заңның 22-бабы және ҚР ӘҚБтК 54-баптың 2-тармағы*).

Жүргізілген зерттеу көрсеткендей, көп жағдайда тұрмыстық зорлық-зомбылық жасайтын адамның «басқа баспанасы» жоқ. Сонымен қатар, «басқа тұрғын үй» тұжырымдамасының өзі нақты құқықтық сипаттаманы талап етеді деп санаймыз.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде біз бұл міндетті шартты алып тастауды ұсынамыз, өйткені жәбірленушінің құқықтары басымдыққа ие болуы керек.

Мұндай тәжірибе көптеген елдерде кеңінен қолданылуда (*Грузия, Белоруссия, Қырғызстан, Австрия, Германия елдерінде*).

Зерттеу көрсеткендей, 99% жағдайда тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсететін барлық дағдарыс орталықтарына балалары бар әйелдер барады. Тиісінше, экономикалық тұрғыдан мемлекетке бүкіл отбасына карағанда бір құқық бұзушыны ұстау әлдеқайда тиімді болар еді.

Осылайша, жоғарыда аталған шараларды іске асыру тұрмыстық күш қолдану жасаған адамдарға профилактикалық ықпал ету шараларын неғұрлым тиімді қолдануға, сондай-ақ зардап шеккендердің құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша әйелдерге қатысты жасалатын зорлық-зомбылық фактілерін азайту мақсатында келесідей ұсыныстарды ұсынамыз:

1. «Тұрмыстық зорлық – зомбылықтың алдын алу туралы» ҚР Заңның 20-бабынан жәбірленушінің пікірін ескере отырып, «қорғау нұсқамасын» шығару қажеттілігін алып тастауды.

Себебі, тәжірибеде жәбірленушілердің басым көпшілігі бірінші рет полицияға жүгінген кезде қорғаныс нұсқамасын алу мүмкіндігі бар екендігі туралы білмеген. Қорғау нұсқамасын көбіне жәбірленушілер дағдарыс орталықтарына жүгінген уақыттарда ғана шығарылады *(дағдарыс орталығы жәбірленушіге өтініш жазуға және қорғаныс нұсқамасын шығаруға болатындығы туралы түсіндіріледі)*.

2. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV Заңының 20 бабының 5 тармағына өзгертулер мен толықтырулар енгізу арқылы, кінәлі адамды жауапқа тартқанға дейін *(әкімшілік немесе қылмыстық)* «қорғау нұсқамасының» қолданылу мерзімін 30-дан 90 күнге дейін ұзартуды ұсынамыз.

Осы ұсыныс қорғау нұсқамасының қолданылу мерзімі барлық жағдайларда сот шешім қабылдағанға дейін зардап шеккендерді қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтіндігімен негізделеді.

Себебі, агрессорлар 30 күннің аяқталуын күтеді, ал келесі күні олар отбасыларына оралып, көбіне әйелдеріне психологиялық қысым, психологиялық зорлық-зомбылық көрсетеді. Қазір әйелдер психологиялық зорлық-зомбылыққа жиі шағымданады. 90 күнде адам кешенді психологиялық терапиядан өте алады.

1.3 Отбасылық-тұрмыстық, соның ішінде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың пайда болу факторлары

Құқық бұзушылықтардың себептері мен жағдайларын зерттеу сұраққа жауап беруге бағытталған: қылмыс неге өседі немесе азаяды, басқа құқық бұзушылықтар, олардың динамикасына не ықпал етеді, механизмнің қандай

элементтері себеп-салдарлық байланысқа ие және оның жағдайына не ықпал етеді.

Ғылыми әдебиеттерде отбасылық қатынастар саласындағы қылмыстық мінез-құлық себептерінің екі категориясы бар: «сыртқы» және «ішкі».

Сыртқы себептер ілеспе құбылыстарға байланысты, олардың ішінде: қоғамда алкоголизмнің, нашақорлықтың таралуы; мәдениет дағдарысы (қоғамның адамгершілігі); зорлық-зомбылық көріністерін үнемі көрсететін бұқаралық ақпарат құралдарының әсері; кейбір діни ағымдардың сенімдері, соның ішінде некеде тұрған әйелдер нақты себептерге қарамастан тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырауы мүмкін және болуы керек деген көзқарас қабылданған секталар; ер адамның абсолютті отағасы екендігіне және географиялық, экономикалық, саяси факторлармен қатар «ерекше» өкілеттіктерге ие екендігіне баса назар аударатын дәстүрлі көзқарас.

Қарастырылып отырған қылмыстардың салыстырмалы таралуы тұрмыстық қатынастарда өткен қалдықтардың ерекше өмір сүруіне байланысты. Сыртқы әлемге қатысты жабық, жақын болғандықтан бұл қатынастар басқа әлеуметтік қатынастарға қарағанда аз дәрежеде әлеуметтік бақылауға ие.

Тұрмыстық саладағы қылмыстық шектен шығудың бірден-бір себебі-алкогольді теріс пайдалану.

Мәселен, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы қылмыстардың басым бөлігі полиция органдарында есепте тұрмайтын адамдардың алкогольдік ішімдіктерді бірлесіп ішуі барысында жасалады, дегенмен заңнама қылмыстық құқық бұзушылықтың осы түрінің алдын алуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Отбасы мүшелерінің бірін алкогольмен таныстыру, басқалардың онымен қарым-қатынасты дұрыс құра алмауымен бірге, көбінесе әйеліне қатысты қатыгездікке әкеледі. Алкогольдік мас болу зорлық-зомбылық қылмысына тікелей әсер ететін катализатордың бір түрі екені белгілі.

Ішкі факторлар белгілі бір адамға, оның өмірлік және отбасылық тәжірибесіне, психикалық денсаулығына, өзін-өзі тану деңгейіне, білім мен мәдениетке, жаман әдеттер мен өмір салтына байланысты: ата-аналардың қарым-қатынас моделін көшіру, сондай-ақ отбасындағы қолайсыз жағдайдан туындаған стресс.

Отбасындағы зорлық-зомбылықтың қауіптілігі туралы, оның әсер ету ауқымы туралы айтатын болсақ, зорлық-зомбылық тек бір адамға бағытталған болса да, барлық басқа отбасы мүшелері ғылымда «екінші реттік құрбандық» деп аталатынға ұшырайтынын ескеру қажет.

Екінші реттік жәбірленушілік зорлық-зомбылық куәгерлерінің жәбірленушінің басынан өткерген психологиялық зардаптарын сезінуінен көрінеді. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың куәсі болған балаларда мазасыздық, депрессия, мектептегі нашар үлгерім, өзін-өзі бағалаудың төмендігі, түнгі қорқыныш, физикалық әлсіздік сияқты эмоционалды және мінез-құлық проблемаларын алу қаупі жоғары. Көптеген балалар аналарды зорлық-зомбылықтан қорғауға тырысады және бұл оны өзіне тарту қаупін тудырады.

Екінші жағынан, мұндай балалардың балалық және жасөспірім кезіндегі агрессивті мінез-құлыққа бейімділігі бар немесе, керісінше, қоршаған әлемге немқұрайлы қарауымен ерекшеленуі мүмкін. Ата-аналық қарым-қатынастағы зорлық-зомбылықтың куәсі болған балалар көбінесе зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалар сияқты психологиялық проблемаларға тап болады.

С.М. Иншаковтың пікірінше «Зорлық-зомбылық қылмыстарының себептерінің бірі – отбасылық тәрбиенің ақаулары, атап айтқанда отбасында криминогендік қасиеттердің қалыптасуы (*зорлық-зомбылық пен дәрежеліктің мысалдары*)» болып табылады [36, 432 б.].

Балалық шақта махаббаттың болмауы агрессияны тудыруы мүмкін. Адам өзінің серіктесінде балалық шағында болмаған махаббат үшін «өш» алады. Агрессорлардың 40%-ы балалық шағында ата-аналарымен нашар қарым-қатынаста болғаны белгілі болса, агрессорлардың тек 15%-ы ғана ата-аналарымен қарым-қатынаста қиындық көрмеген.

Әдетте, олардың озбырлық сипаты генетикалық тұрғыдан қалыптасады, жалпы адамдарға және әсіресе серіктеске билік пен бақылауға деген туа біткен ұмтылыс дамиды. Балалық шақта қалыптасқан шеберлік – сабырлы, мейірімді және теңдестірілген ата-аналарды манипуляциялау кейіннен басқа манипуляция объектілеріне (*жұбайы, балалары, туыстары*) назар аударуға әкеледі.

Көбінесе өзіне сенімсіз ер адамдарда байқалады:

- өзінің озбыр мінез-құлқымен ықтимал қарсыластарды алып тастауға деген ұмтылыс;

- туыстарына және жақын адамдарына ашуланшақтық пен реніш білдіру;

- мінез-құлықтың төмен мәдениеті (*балағат сөздер, қызға / әйелге тек жыныстық объект ретінде құрметсіздік*), серіктестің назар аудару, қамқорлық, қолдау және өзара түсіністік қажеттіліктерін түсінбеу;

- күрделі экономикалық жағдай (*әсіресе тұрғын үй мәселесі*), бұл отбасында қосымша шиеленіске әкеледі, сонымен бірге егер бірге тұру одан әрі төзгісіз болып қалса, жәбірленушінің зорлаушыдан кету процесін қиындатады;

- психикалық денсаулықтағы ауытқулар, білім мен мәдени деңгейдің төмендігі, отбасылық өмірге қанағаттанбау – осының бәрі кейіннен сөзсіз отбасылық өмірдегі қақтығыстарға, демек, зорлық-зомбылыққа әкеледі.

Әйелдер өздері тұратын адамдар тарапынан зорлық-зомбылыққа ұшырайды, балалары, мүлкі бар, олар материалдық және моральдық жағынан тәуелді, соның салдарынан оларға қарсы жасалған зорлық-зомбылық актілерінің фактілеріне әрдайым және бірден жауап бермейді, осылайша зорлаушының өз әрекеттері үшін жазасыздық сезімін дамытуға және олармен заңсыз мінез-құлық әрекеттерін жалғастыруға ықпал етеді.

Мұның бәрі кейбір жағдайларда тұрмыстық зорлық-зомбылық субъектісінің зорлық-зомбылық әрекеттерін ғана емес, жәбірленушінің денсаулығына немесе өліміне ауыр зиян келтірумен, өзін-өзі өлтірумен байланысты қылмыстарды жасауына әкеледі.

Әрине, тек себептерді көрсетумен шектеле алмаймыз. Шарттар да маңызды. Шарт – бұл қылмысты немесе қылмысты тудырмайтын, бірақ туу процестеріне әсер ететін, қылмысты анықтауға қатысатын нәрсе.

Сонымен қатар, қазіргі қоғамда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жиі кездесетін бірнеше түрі бар.

Мәселен, физикалық зорлық-зомбылық. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің көпшілігі негізінен физикалық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен адамдар көмекке жүгінетінін хабарлады. Зорлық-зомбылықтың физикалық және айқын түрі әйелге физикалық зиян келтіруді, соның ішінде ұрып-соғуды, азаптауды, өлтіруді білдіреді.

Психологиялық зорлық-зомбылық. Психологиялық зорлық-зомбылық-дәрекі, агрессивті, ұстамсыз мінез-құлықтың нәтижесі. Ол агрессивті мәлімдемелерде, қатыгез және әділетсіз санкцияларда, өрескел немқұрайлылықта және т.б. Мұндай зорлық – зомбылық тәжірибесі агрессивті адамның мықты екендігі туралы уақытша елесін тудыруы мүмкін. Шын мәнінде, мұндай зорлық-зомбылық әрекеттері керісінше көрсетеді – бұл адам өте әлсіз. Себебі ол өзінен де осал құрбанды таңдайды. Учаскелік полиция инспекторлары құқық бұзушылықты психологиялық зорлық-зомбылық түрінде дәлелдеуге мүмкіндік беретін мәліметтер жинауды қиын деп санайды, өйткені зорлық-зомбылық жабық есіктерде, куәгерлерсіз және ұрып-соғу белгілерінсіз орын алады.

Экономикалық зорлық-зомбылық, адамды тұрғын үйден, тамақтан, киімнен, мүліктен, заңда көзделген құқығы бар қаражаттан қасақана айыру, бұл физикалық немесе психикалық денсаулығының бұзылуына әкелуі мүмкін.

Жыныстық тұрмыстық зорлық-зомбылық, жыныстық зорлық-зомбылық түрінде көрінетін қудалау түрі – жанасу, жыныстық қорлау, сондай-ақ жыныстық қатынасқа мәжбүрлеу және оның еркіне қарсы отбасы мүшелерінің біріне қатысты жыныстық әрекеттерді жасау.

Назар аударуды қажет ететін тағы бір аспект – отбасылық қатынастар негізіндегі құқық бұзушылықтардың жоғары кідірісі мәселесі. Жоғарыда

айтылғандай, қарастырылып отырған сала жоғары патентті. Әр түрлі факторларға байланысты әйелдерге қатысты тұрмыстық күш қолдану қоғамнан жасырын болып қалады. Бұл тек қазақстандық проблема емес, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, жәбірленушілер тарапынан физикалық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдердің 55-95%-ы ешқашан көмек сұрамаған.

Қазақстанда құқық қорғау және мемлекеттік органдар, сондай-ақ үкіметтік емес конституциялық құқықтарды қорғау ұйымдары тарапынан тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселесіне тұрақты негізде көңіл бөлінеді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы ресми деректердің негізін ҚР Бас прокуратурасы жанындағы ҚСЖАЕК статистикалық деректері құрайды.

Бұл ретте статистикалық деректер жәбірленушілердің арыз-шағымдары, полиция қызметкерлерінің баянаттарына, куәгерлердің шағымдары мен мәлімдемелеріне сәйкес қалыптастырылатынын, яғни тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілерінің ресми тіркелген бөлігін ғана қамтитынын ескерген жөн.

Сонымен қатар, іс жүзінде полиция тұрмыстық күш қолдану дерегі туралы хабарламаларды қараусыз қалдыру және оларды номенклатуралық іске есептен шығару туралы шешім қабылдайтын фактілері де бар (*жәбірленушінің шағым беруден бас тартуы себебінен*).

Кейіннен жоғарыда аталған деректерді ішкі істер органының қызметкерлері жиі назардан тыс қалдырады және профилактика орбитасына түспейді, бұған жоғарыда аталған құқық бұзушылықтардың латентті болуы да әсер етеді.

Сондай-ақ, тұрмыстық зорлықтың алдын-алу шараларын заңнамалық тұрғыдан белгілегеніне қарамастан, бүгінде оларды қолданудың тиімділігіне байланысты бірқатар проблемалар бар.

Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы зорлық-зомбылық біздің қоғамның әл-ауқатына айтарлықтай зиян келтіреді. Бұл отбасының бұзылуына

әкеледі, кәмелетке толмағандарға кері әсер етеді, бұл өз кезегінде олардың толыққанды оң дамуына теріс ықпал етеді.

Бүгінгі таңда, Қазақстан Республикасындағы әйелдерге қатысты күш қолдану проблемасы дереу шешуді талап етеді.

Осылайша, жоғарыда айтылғандардың негізінде отбасылық-тұрмыстық құқық бұзушылықтар қолданыстағы заңнаманың адалдығы себебінен емес, көптеген жағдайларда басқа факторлар мен жағдайлардың әсерінен (*тәрбие дәрежесі, қарым-қатынас пен өзара сыйластық деңгейі, өзара реніш аясында стихиялық жан-жалдар, неке адалдығын орындамау және т.б.*) жасалады деп қорытынды жасауға болады.

Қолайсыз әлеуметтік-экономикалық факторлар (*жұмыссыздық немесе табыстың төмен деңгейі, тұрғын үйдің болмауы, халықтың кредиттелуі, инфляция, бағаның өсуі және т.б.*) басқа да маңызды себептер болып табылады. Әлеуметтік-экономикалық жағдайларды жақсартпай, отбасылық-тұрмыстық саладағы проблемаларды шешу қиын болатыны байқалады.

II. ӘЙЕЛДЕРДІ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТАН ҚОРҒАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫМЕН ҚАБЫЛДАНЫП ЖАТҚАН ШАРАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

2.1 Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бойынша полиция органдарымен атқарылып жатқан шаралар тиімділігінің жай-күйі

Мемлекет басшысы Қазақстан полициясының 30 жылдығына арналған салтанатты жиынға қатысу барысында (*2022 жылдың 23 маусымы*) «Маңызды міндеттеріміздің бірі – әйелдер мен балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау екендігін атап өтті» [1].

1999 жылы 19 ақпанда ішкі істер органдары жүйесінде әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғауға бағытталған арнайы бөлімше құрылды. Ескере өту керек, Қазақстан посткеңестік кеңістікте осындай бөлімше құрылған жалғыз ел болып табылады.

Аталған бөлімше әйелдердің конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін заңсыз қол сұғушылықтардан қорғау, әйелдерге зорлық-зомбылық фактілерінің болдырмау мәселелерінде құқықтық көмек көрсету мақсатында құрылған.

Осы бөлімшенің жұмысы «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №1097 бұйрығымен реттеледі» [3].

Осы Қағидааттардың 2-тарауының 2-тармағына сәйкес, әйелдерді зомбылықтан қорғау жөніндегі бөліністер қызметінің мақсаты «әйелдердің құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ оларға қатысты құқық бұзушылықтар деңгейін төмендету болып табылады».

2021 жылғы 25 ақпанда ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің V отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев әйелдер мен балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі ішкі істер органдары бөлімшелерінің қызметін күшейту жөнінде тапсырма берді [37].

2021 жылғы 19 наурызда ішкі істер министрінің бұйрығымен осы бөлімшелердің саны екі есеге ұлғайтылды (*штат бірлігі 248 қызметкерді құрайды*).

Алайда, штат саны екі есеге көбейгеніне қарамастан, іс жүзінде өңірлерде олардың тапшылығы орын алуда.

Атап айтқанда, Еліміздегі 17 облыс және оларға теңестірілген 3 қалаларға олардың жалпы санын (*248 қызметкерді*) бөлетін болсақ, әр облысқа немесе қалаға – 13 қызметкерден ғана келеді.

Ал аудан және оларға теңестірілген қалалар санына бөлетін болсақ, әр ауданға 1 немесе 2 қызметкерден ғана бөлінеді (*Қазақстанда 166 аудан және оларға теңестірілген 20 қала тіркелген*).

Онымен қоймай, көбіне бөлімше қызметкерлері қызметтік міндеттеріне кірмейтін басқа да міндеттермен айналысуда (*спорттық, мәдени және т.б. ұйымдастыру барысында қоғамдық қауіпсіздік шараларына тарту*).

Сондықтанда, өңірлердегі бөлімшелердің штаттық санын көбейту арқылы, олардың жұмыстарын күшейту ұсынылады.

Бөлімше қызметкерлерінің құқықтарына келер болсақ, олар тұрмыстық күш қолдану жасаған немесе оны жасау қаупі бар құқық бұзушыларға қатысты өз бетінше қорғаныс нұсқамаларын шығара алады. Және де, олар жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жәбірленушілерге құқықтық, психологиялық және әлеуметтік көмек көрсетеді.

Сонымен қатар, бөлімше қызметкерлері азаматтардан өтініштер қабылдайды, жәбірленушілерге құқықтық, психологиялық, әлеуметтік көмек көрсетеді және жергілікті тұрғындармен белсенді жұмыс атқарады.

Атап айтқанда, осы бөлімше қызметкерлері тұрғылықты жері бойынша отбасылық дебоширлерге барады, онда олармен тұрмыстық құқық бұзушылықтарға жол бермеу бойынша профилактикалық әңгімелер өткізіледі, психологиялық қолдау және құқықтық көмек көрсете отырып азаматтарды қабылдау жүзеге асырылады, суицидтік бейімділігі бар әйелдермен әңгімелер өткізіледі. Сол сияқты, қоғамдық орындарда азаматтармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, лекциялық сабақтар, семинарлар, тренингтер, ұйымдарда дөңгелек үстелдер жүргізіледі. Өмірлік қиын жағдайға түскен жәбірленушілерді дағдарыс орталығы-баспанада көмек пен консультациялық-ақпараттық көмек көрсетіледі.

Жалпы қылмыстық қылмыс құрылымында отбасылық-тұрмыстық құқық бұзушылықтардың үлесі төмен болсада, әйелдер мен балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әрбір фактісі резонансты болып табылады.

Бүгінгі таңда, ішкі істер министрлігімен полицияға уақтылы хабарласу мүмкіндігі жоқ құрбандарды анықтау бойынша арнайы алгоритм әзірленді және енгізілді, олар тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері туралы сигнал беретін кодтық сөзді (*оның ішінде телефон арқылы*) пайдалану арқылы хабар береді.

Ішкі істер министрлігінің мәліметтеріне сәйкес, 2022 жылда «Сенім телефондары» бойынша 27 мыңнан астам әйел кеңес алды, өмірлік қиын

жағдайға тап болған тоғыз мыңнан астам жәбірленуші дағдарыс орталықтарына жүгініп көмек алды (психологтардан, заңгерлерден және әлеуметтік қызметкерлерден) [38].


Сонымен қатар, қазіргі таңда әйелдер мен балалар құрбан болған қылмыстарды тергеу үшін тергеушілердің мамандануы енгізілуде.

Мұндай істерді тергеуді әйел тергеушілер жүргізеді, бұл жәбірленушілерге біржақты және әдепсіз қарау фактілерін азайтуға мүмкіндік береді.

Қолданылған шаралар нәтижесінде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық деректері жылдан жылға азаюда.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есеп алу комитетінің мәліметтеріне сәйкес («Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы» № 1-М есеп нысаны), соңғы 5 жылда (2018-2022 жылдар аралығында) әйелдерге қатысты жасалған зорлық-зомбылық қылмыстық құқық бұзушылықтар саны – 62,4%-ға төмендеген (Сурет 3) [2].

Сурет 3 – соңғы 5 жылда әйелдерге қатысты жасалған зорлық-зомбылық қылмыстық құқық бұзушылықтар саны бойынша мәлімет




Анықтама: талдау барысында ҚР ҚК-нің келесідей баптары ескерілді - Адам өлтіру (99 бап); Аффект жағдайында жасалған адам өлтіру (101 бап); Абайсызда қазаға ұшырату (104 бап); Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу (105 бап); Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (106 бап); Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру (107 бап); Қинау (110-бап); Денсаулыққа абайсызда зиян келтіру (114 бап); Қорқыту (115-бап); Қауіпті жағдайда қалдыру (119 бап); Зорлау (120 бап); Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық

әрекеттері (121 бап); Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау (122 бап); Жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету (123 бап); Жас балаларды азғындық жолға түсіру (124 бап); Адамды ұрлау (125 бап); Бас бостандығынан заңсыз айыру (126 бап); Психиатриялық стационарға заңсыз орналастыру (127 бап); Адам саудасы (128 бап); Кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту (134 бап); Кәмелетке толмағандар саудасы (135 бап); Азаптаулар (146 бап); Тұрғынжайға қолсұғылмаушылықты бұзу (149 бап); Тонау (191 бап); Қарақшылық (192 бап); Қорқытып алу (194 бап); Бұзақылық (293 бап); Жезөкшелікпен айналысуға тарту (308 бап).

Сол сияқты, ағымдағы жылдың 3 айында осы санаттағы қылмыстар саны 27%-ға төмендеген, Сурет 4 көрсетілген (2022 ж. 3 айы – 1 461-ден 2023 ж. 3 айы – 1 066-ға).

Сурет 4 – ағымдағы жылдың 3 айындағы әйелдерге қатысты жасалған қылмыс саны



Жүргізілген зерттеу нәтижесімен, көбіне әйелдердің денсаулығына қасақана ауыр және ауырлығы орташа зиян келтіру түріндегі зардаптар келтірілуде.

Мәселен, соңғы 5 жылда денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру бабымен – 1 256 және денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру бабымен – 3 749 қылмыстық құқық бұзушылықтар тіркелген.

Біздің пікірімізше, қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылдың тиімді шараларының бірі қылмыстық жауаптылықты күшейту болып табылады. Ол үшін ҚР ҚК-нің 106 және 107-баптарының екінші бөліктерін жаңа біліктілік белгісімен толықтыру қажет деп санаймыз, яғни: «Отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынас саласында жасау».

Атап айтқанда, ҚР ҚК-тің 106-бабының 2-бөлігіне жаңа 13-тармақ енгізу қажет. Ол тармақ келесі редакцияда жазылсын:

12-тармақ «Отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынас саласында жасалған дәл сол әрекет».

Сол сияқты, ҚР ҚК-тің 107-бабының 2-бөлігіне жаңа 9-тармақ енгізу қажет. Ол тармақ келесі редакцияда жазылсын:

9-тармақ «Отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынас саласында жасалған дәл сол іс-әрекет».

Жаңадан енгізілген тармақтар, кінәлі тұлғаның қылмыстық әрекеттерін дұрыс саралауға оң әрекетін тигізеді деп санаймыз.

Сонымен қатар, статистикалық көрсеткіштердің төмендеуіне қарамастан, жыл сайын жасалатын осы санатағы қылмыстар саны 3,5 мыңнан асады (3 744). Ал соңғы 6 жылдық көрсеткішті алып қарайтын болсақ олардың саны 32,5 мыңнан (35 539) асады (2018 ж. – 9 960, 2019 ж. – 8 041, 2020 ж. – 5 169, 2021 ж. – 4 559, 2022 ж. – 3 744, 2023 ж. 3 айы – 1 066).

Бұл статистикалық көрсеткіш тек құқық қорғау органдарына шағымданған жәбірленушілер санынан құралған. Бәрімізге белгілі осы санаттағы құқық бұзушылықтар көбіне латентті, яғни жасырын қалуда. Себебі жәбірленушілердің басым көпшілігі отбасында боп жатқан жан-жалды немесе зорлық-зомбылықты үйден шығарғысы келмейді.

Мұндай қылмыстар көбінесе әлеуметтік-экономикалық проблемалар негізінде алкогольді жүйелі түрде теріс пайдалану нәтижесінде жасалады. Тұрмыстық құқық бұзушылықтардың жартысы мас күйінде жасалады, ал ұсталған отбасылық «дебоширлердің» 80%-ның тұрақты жұмыс орны жоқ.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014.04.24 №396 қаулысымен Қазақстан Республикасының «2030 жылға дейінгі әлеуметтік даму Тұжырымдамасы бекітілді» [39].

Тұжырымдама адами капиталдың сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасауға, сондай-ақ барлық қазақстандықтар үшін өмір сапасының жоғары көрсеткішке жетуге бағытталған. Онда әлеуметтік-еңбек

катынастарын, Денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау жүйелерін реформалау жөніндегі стратегиялық міндеттер ана, бала және осал отбасылар топтарын әлеуметтік қолдауға жеке назар аудара отырып көрсетілген.

Бүгінгі таңда тұрғын үй мәселесі қазақстандық отбасылар үшін, әсіресе қалалық үй шаруашылықтары арасында аса өзекті болып табылады. Сонымен қатар, жеке тұрғын үйдің болмауы ауыл тұрғындарына қарағанда қала тұрғындарын көбірек алаңдатады.

Тұрғын үйдің болмауы (*табыстың төмен деңгейіне, сондай-ақ тұрғын үйдің жоғары құнына байланысты*) көптеген жағдайларда отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы қақтығыстардың пайда болуына себеп болады және келіспеушіліктер мен ажырасуларға жағдай жасайды, бұл олардың экономикалық жағдайлары мен әлеуметтенуінің нашарлауына әкеледі.

Тағы бір алаңдатарлық проблемалық мәселелердің біріне халықты жұмыспен қамту мәселесі болып табылады.

Халықтың алаңдаушылығының басты көзі жұмыссыздық, жұмысқа орналасудағы қиындықтар болып табылатыны.


Жергілікті атқарушы органдармен бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстарға қарамастан, халықты тұрғын үймен және жұмыспен қамту мәселесі оң нәтиже бермеуде.

Келесі мәселе ол, жаңадан отбасы құрған кейбір әйелдердің үй шаруасын өз деңгейінде меңгермеуі. Мәселен, бастапқы кезеңде әйелдер үй шаруашылығын жүргізу тәжірибесінің жоқтығынан, өмірді, үй шаруасын ұйымдастырудағы қиындықтардан әлеуметтік қысымға ұшырайды. Осыдан кейін жұбайлар арасындағы келіспеушіліктердің пайда болу кезеңі басталады, олар көбінесе толыққанды қақтығыстарға айналады. Болашақта олар зорлық-зомбылық түрлеріне, соның ішінде физикалық және психологиялық түрлерге айналады.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің статистикалық мәліметтеріне сәйкес (*«Уәкілетті органдардың әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау нәтижелері туралы» № 1-АД нысанының есебі*) [2], соңғы 5 жылда


отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер (ҚР ӘҚБтК 73-бабы) жасағаны үшін 100 мыңнан аса адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған (100 011). Сурет 5 көрсетілген толық мәлімет көрсетілген.

Сурет 5 - 2018-2022 жылдар аралығында ҚР ӘҚБтК-нің 73-бабымен тіркелген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы толық мәлімет:



Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер жасаған адамдардың 24, 119-на ескерту жарияланса (2018 ж. – 4 252, 2019 ж. – 4 099, 2020 ж. – 4 747, 2021 ж. – 5 680, 2022 ж. – 5 341), 545-не айыппұл салынған (2018 ж. – 62, 2019 ж. – 74, 2020 ж. – 82, 2021 ж. – 161, 2022 ж. – 132). Ал 32, 761-і әкімшілік қамауға алынған (2018 ж. – 5 405, 2019 ж. – 5 518, 2020 ж. – 6 752, 2021 ж. – 7 860, 2022 ж. – 7 226). Сурет 6 толық мәлімет көрсетілген.

Сурет 6 – ҚР ӘҚБтК-нің 73-бабымен тағайындалған жаза түрлері туралы толық мәліметтер:



Сонымен қатар, отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттерді азайту және жаза тағайындау институтының тиімділігін арттыру мақсатында, ҚР ӘҚБтК-нің 73-бабының санкциясына «қоғамдық жұмыстарға тарту» түріндегі балама жазаны енгізу қажет деп санаймыз және де, ол баптардың санкциясын келесі редакцияда жазу ұсынылады.

ҚР ӘҚБтК-тің 73-бабының 2-бөлігінің санкциясын:

«он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға не 150 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға әкеп соғады».

ҚР ӘҚБтК-тің 73-1 бабының 2-бөлігінің санкциясын:

«жиырма тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға не 150 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға алып келеді».

ҚР ӘҚБтК-тің 73-2 бабының 2-бөлігінің санкциясын:

«он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға не 150 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға алып келеді».

«Қоғамдық жұмыстарға тарту» түріндегі жазаны қолдану бойынша бізбен келесідей алгоритм ұсынылады.

Атап айтқанда, құқық бұзушыны қоғамдық жұмыстарға тарту тек, соттың шешімімен ғана жүзеге асырылады.

Қоғамдық жұмыстарға, әдетте, елді мекенді абаттандыру, көшелерді қардан, қоқыстардан тазарту, шекараларды, ағаштарды ақтау және тағы

басқалары жатады. Бұл өз кезегінде профилактикалық әсер етеді және мемлекеттік бюджетті айтарлықтай үнемдеуге өз септігін тигізеді.

Қоғамдық жұмыстар сағатпен есептеледі және 10-нан 150 сағатқа дейінгі мерзімге белгіленеді. Жұмыс істейтін немесе оқитын адам үшін үздіксіз негізде күніне 4 сағаттан аспауға тиіс. Ал тұрақты жұмыс орны жоқ және оқымайтын адамдар күніне 8 сағатқа дейін, бірақ аптасына 40 сағаттан аспайтын мерзімде орындайды.

Сол сияқты, қоғамдық жұмысқа тартуға болмайтын адамдарға келесілерді жатқызу қажет. Олар:

- жүкті әйелдер;
- 3 жасқа дейінгі балаларды жалғыз тәрбиелеп отырған тұлғалар;
- 18 жасқа толмаған тұлғалар;
- I және II топтағы мүгедектігі бар тұлғалар;
- 58 және одан жоғары жастағы әйелдер;
- 63 және одан жоғары жастағы ер адамдар;
- шетел азаматтары және Қазақстанда тұрақты тұрмайтын азаматтығы жоқ адамдар.

«Қоғамдық жұмысқа тарту» туралы әкімшілік жазаның орындалуын ұйымдастыру бойынша келесідей алгоритм ұсынылады:

Атап айтқанда, қоғамдық жұмыстарды әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлға тұрғылықты жері бойынша орналасқан қоғамдық орындарда атқарады. Тегін жұмысты жергілікті атқарушы органдар (*облыстық, қалалық, аудандық, ауылдық әкімшіліктер*) айқындауы қажет.

Жергілікті атқарушы органдардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- құқық бұзушылардың есебін жүргізу;
- қоғамдық жұмыстарды орындау тәртібі мен шарттарын түсіндіру;
- орындалатын қоғамдық жұмыстардың объектілері мен нақты түрлерін анықтау;
- қоғамдық жұмыстарды орындау кестесін әзірлеу және бекіту;
- жұмыс істеген уақыттың жиынтық есебін жүргізу;

- құқық бұзушының зейнеткерлік жасқа, жүктілікке жеткен, қоғамдық жұмыстарды орындау кезеңінде ӘҚБтК-де көзделген өзге де мән-жайлар туындаған жағдайда оны қоғамдық жұмыстарды орындаудан босату туралы ұсынымды сотқа жолдау;

- қоғамдық жұмыстарды орындаудан жалтартушыларға қатысты ресми ескертулер шығару және т.б.

Қоғамдық жұмыстар орындалатын ұйымның міндеттеріне:

- қоғамдық жұмыстарды орындау тәртібі, шарттары мен кестесінің сақталуын бақылау;

- жергілікті билік органдарына қоғамдық жұмыстарды орындау тәртібін, шарттарын немесе кестесін бұзу туралы хабарлау;

- қоғамдық жұмыстарды орындау кезінде заңнамаға сәйкес еңбек жағдайлары қамтамасыз етілуі және т.б.

Келесі айта кететін жағдай, ол өңірлердегі жергілікті атқарушы органдарымен оңалту орталықтарының және осы санаттағы құқық бұзушылық құрбандарына көмек көрсететін баспаналарының санын көбейту мәселелерінің шешілмегендігі.

Оған дәлел, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәліметтеріне сәйкес, зардап шеккендерді әлеуметтік оңалтуға 57 дағдарыс орталығы көмек көрсетеді. 2022 жылы полиция өмірлік қиын жағдайға түскен 9 мыңнан астам әйелді дағдарыс орталықтарына жіберді. Олардың екі мыңнан астамы баспаналарға орналастырылды. Алайда мұндай орталықтардың саны жеткіліксіз. Мысалы, Шымкентте полицияға осы санаттағы фактілері туралы 11 мыңнан астам хабарлама келіп түсті. Бірақ ол өңірде бір ғана дағдарыс орталығы бар (*ұқсас жағдай Атырау және Солтүстік Қазақстан облыстарында орын алуда*). Ал Абай және Қызылорда облыстарында мұндай орталықтар мүлдем жоқ.

Бұдан бөлек, күнделікті өмірдегі қылмыстардың көпшілігі мас күйінде жасалуына қарамастан, мас күйдегі дебоширлерді оқшаулау мәселесі

шешілмеген. Елімізде тек, 778 төсек-орынға арналған 35 уақытша бейімдеу және детоксикация орталығы жұмыс істейді.

Тек, Өскеменнің өзінде 20 төсек-орынға арналған осындай бір ғана мекемеге полицейлер жеті мың құқық бұзушыны жеткізген. Павлодарда 24 төсек-орынға бір ғана айықтырғыш бар. Көкшетауда ол мүлдем жоқ.

Сол себепті, зардап шеккен әйелдерге уақытылы және сапалы көмек көрсету мақсатында, өңірлердегі мемлекеттік дағдарыс орталықтарының санын арттыру, сол сияқты мас күйдегі дебоширлерді оқшаулауға бағытталған арнайы орталықтар ашу қажет деп санаймыз.

Сонымен қатар, әйелдерге қатысты күш қолдануды азайту мақсатында, қолданыстағы заңнаманы жетілдіру қажет деп санаймыз.

Мәселен, Ішкі істер министрлігінің мәліметтеріне сәйкес, жыл сайынғы тіркелетін 3,5 мыңнан астам осы санаттағы қылмыстардың 60%-ы бойынша полиция, жәбірленушілер өтініш беруден бас тартуына байланысты тиісті шара қолдана алмады. Яғни, өтінішсіз полицейлер құқық бұзушыны жауапқа тарта алмайды. Жазасыздық көп жағдайларда ауыр зардаптар мен қайталанған қылмыстық және әкімшілік бұзушылықтарға әкеледі.

Осы мәселе бойынша, 18 қазан 2022 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметінің отырысында Ішкі істер министрі М.М. Ахметжанов – «құқық бұзушыны жауапкершілікке тарту үшін, жәбірленушінің арызын талап етпеді, яғни фактінің негізінде жәбірленушінің арызынсыз құқық бұзушыны жауапкершілікке тартуды» ұсынды [4].

Келесі айта кететін мәселе ол, ішкі істер органдары бөлімшелерінің арасындағы өзара әрекеттесудің жоқ болуы.

Мәселен, әйелдерге қатысты күш қолдануға қарсы іс-қимыл мәселелеріне жүргізілген зерттеу, ішкі істер органдарының құрылымдық бөлімшелері арасындағы бір бірімен өзара әрекеттесуі және қарым-қатынасы өз деңгейінде жүргізілмейтіндігін көрсетті.

Сол сияқты, учаскелік полиция инспекторлары мен әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшелерімен осы санаттағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында тиісті өзара әрекеттесудің жоқ екендігін атап өту қажет.

Атап айтқанда, іс жүзінде учаскелік полиция инспекторы тұрмыстық, соның ішінде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық фактісі бойынша әкімшілік іс-жүргізуді тікелей өзі жүргізіп, бейінді бөлімше қызметкерлерінің қатысуынсыз, құқық бұзушыға шара қолданады (*қорғау нұсқамасын шығарады, құжаттарды сотқа жолдайды және т.б.*). Яғни орын алған дерек бойынша әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшесіне тиісті хабар берілмейді.

Соның салдарынан көбіне орын алған отбасылық жан-жалдың себептері және құқық бұзушының бұрын соңды ұқсас құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікке тартылғандығы немесе тартылмағандығы анықталмай қалады, сол сияқты жәбірленушілер бөлімше қызметкерлері тарапынан психологиялық, заңгерлік және т.б. тиісті көмек алу мүмкіншіліктерінен айырылуда.

Сондықтан, осы санаттағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында, учаскелік полиция инспекторлары мен әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшелері арасындағы өзара әрекеттесуді күшейтуге бағытталған алгоритм жобасы дайындалды (*қосымша: кесте №1*).

Алгоритмге сәйкес, «зорлық-зомбылық фактісі бойынша жәбірленушінің арызы ішкі істер органының арыздарды есепке алу кітабына тіркелгеннен кейін, арыз шара қолдану үшін, учаскелік полиция инспекторына тапсырылады. Учаскелік инспектор 3 сағаттың ішінде әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімше қызметкерлеріне тиісті хабарлама беру қажет».

Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімше қызметкерлері хабарлама алған сәттен бастап 12 сағат ішінде жәбірленушіге құқықтық көмек көрсету (*УПИмен бірлесіп, жәбірленушінің тұрғылықты жеріне шығу; жан-жалдың болу себептерін анықтау; жәбірленушіге толығымен құқықтарын түсіндіру, құқықтық көмек көрсету; тиісті маман қатыстыра отырып психологиялық көмек көрсету; дағдарыс орталықтарына жүгінуге көмектесу; әлеуметтік көмек көрсету орталықтарына жүгінуге көмектесу; және т.б.*) және құқық бұзушымен профилактикалық шаралар жүргізу

қажет (бұрын соңды құқықбұзушы тарапынан зорлық-зомбылықтардың болған немесе болмағандығын анықтау; құқық бұзушының қандайда бір есепте тұрғандығын немесе тұрмағандығын анықтау (наркологиялық, психиатриялық), қорғау нұсқамасын шығару және т.б.).

Жүргізілген жұмыс нәтижесімен (48 сағат ішінде), УПИ-не анықтама жолданады (анықтамада отбасы туралы қысқаша сипаттама, құқық бұзушыны мәжбүрлі наркологиялық оңалту орталықтарына жолдау мәселесін шешу және т.б. көрсетіледі).

Кесте 1 – Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшесі инспекторы мен УПИ арасындағы жұмыс жақсарту бойынша алгоритм



Қорытындылай келе, әйелдерге қатысты күш қолдануға қарсы іс-қимылды күшейту мақсатында, қолданыстағы заңнамаларға келесідей өзгерістер мен толықтыруларды енгізу ұсынылады:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары жүйесіндегі «Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшелерінің» штаттық санын көбейту арқылы, олардың жұмыстарын күшейту ұсынылады.

Себебі, іс жүзінде өңірлерде осы бөлімше қызметкерлерінің тапшылығы орын алуда.

Атап айтқанда, «Еліміздегі 17 облыс және оларға теңестірілген 3 қалаларға олардың жалпы санын *(248 қызметкерді)* бөлетін болсақ, әр облысқа немесе қалаға – 13 қызметкерден ғана келеді».

Ал аудан және оларға теңестірілген қалалар санына бөлетін болсақ, әр ауданға 1 немесе 2 қызметкерден ғана бөлінеді *(Қазақстанда 166 аудан және оларға теңестірілген 20 қала тіркелген)*.

Онымен қоймай, «көбіне бөлімше қызметкерлері қызметтік міндеттеріне кірмейтін басқа да міндеттермен айналысуда *(спорттық, мәдени және т.б. ұйымдастыру барысында қоғамдық қауіпсіздік шараларына тарту)*».

2. ҚР Қылмыстық кодексінің 106 және 107-баптарының екінші бөліктерін жаңа біліктілік белгісімен толықтыру, яғни: «Отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынас саласында жасау».

Атап айтқанда, ҚР Қылмыстық кодекстің 106-бабының 2-бөлігіне жаңа 13-тармақ енгізу қажет. Ол тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«13-тармақ. Отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынас саласында жасалған дәл сол әрекет».

Сол сияқты, ҚР Қылмыстық кодекстің 107-бабының 2-бөлігіне жаңа 9-тармақ енгізу қажет. Ол тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«9-тармақ. Отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынас саласында жасалған дәл сол іс-әрекет».

3. Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттерді азайту және жаза тағайындау институтының тиімділігін арттыру мақсатында, ҚР ӘҚБтК 73-бабының санкциясына «қоғамдық жұмыстарға тарту» түріндегі балама жазаны енгізу.

«Қоғамдық жұмыстарға тарту» түріндегі әкімшілік жазаның орындалу алгоритімі осы тармақта толығымен ашып көрсетілген.

4. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне бойынша учаскелік полиция инспекторы мен әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімше қызметкерлері арасындағы өзара әрекеттесуді күшейту мақсатында келесідей алгоритм ұсынылады.

Алгоритмге сәйкес, жәбірленушінің арызы ішкі істер органының арыздарды есепке алу кітабына тіркелгеннен кейін, арыз шара қолдану үшін, учаскелік полиция инспекторына тапсырылады. Учаскелік полиция инспекторы 3 сағаттың ішінде әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімше қызметкерлеріне тиісті хабарлама жолдау қажет.

Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімше қызметкерлері хабарлама алған сәттен бастап 12 сағат ішінде жәбірленушіге құқықтық көмек көрсету және құқық бұзушымен профилактикалық шаралар жүргізу қажет.

Жүргізілген жұмыс нәтижесімен *(48 сағат ішінде)* бөлімше қызметкерімен учаскелік полиция инспекторына анықтама жолданады *(анықтамада отбасы туралы қысқаша сипаттама, құқық бұзушыны мәжбүрлі наркологиялық оңалту орталықтарына жолдау мәселесін шешу және т.б. көрсетіледі)*.

